

Д.М. Ахметова<sup>1</sup> А.С. Адильбаева<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>«Alikhan Bokeikhan University»  
Қазақстан, Семей  
e-mail: [dinara0706@bk.ru](mailto:dinara0706@bk.ru)

## ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ТЫЛ ӘЙЕЛДЕРІ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

### Аннотация

Мақалада кеңестік және заманауи қазақстандық тарих ғылымындағы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстанның тыл әйелдері мәселесінің зерттелу дәрежесі талданады. Ұсынылған тарихнамалық материалдың кең қабатты екенін аңғаруға болады: кеңестік тарихнама, заманауи қазақстандық тарихнама шеңбері қарастырылады. Авторлар жоғарыда аталған тарихнамалық кезеңдерді салыстыра отырып, кеңес кезеңінде гендерлік зерттеулер КСРО-да кең танымал болмағанын атап өтеді. Әйелдердің әскери және тылдағы күнделікті өмірінің тарихы туралы бүкіл ғылыми бағыт пайда болған қазіргі кезеңде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Алайда, авторлар әйелдердің соғысқа қатысу тарихын жалпы тарихнамада әлі де аз зерттелген аспект болып қалуда және осы бағытта ғылыми зерттеулер жүргізудің керектігін ұсынады. Зерттеушілер Екінші дүниежүзілік соғыстың әйел затына әлеуметтік-саяси, тіпті тұрмыстық тұрғыдан әсер еткенін жазып өтеді, қызығушылық тұрақты болғандығын алға тартады.

**Кілт сөздер:** Екінші Дүниежүзілік соғыс, тарихнама, тыл, Кеңес Одағы, өндіріс, ауыл шаруашылығы, әйелдер

Д.М.Ахметова<sup>1</sup>, А.С.Адильбаева<sup>1</sup>  
«Alikhan Bokeikhan University»  
Семей, Казахстан  
e-mail: [dinara0706@bk.ru](mailto:dinara0706@bk.ru)

## Проблемы изучения темы женщин тыла Второй мировой войны.

### Аннотация

В статье анализируется степень изученности проблемы женщин тыла Казахстана в годы Второй мировой войны в советской и современной казахстанской исторической науке. Представляется, что представленный историографический материал представляет собой широкий пласт: рассматривается советская историография, Современная казахстанская историография. Сравнивая вышеназванные историографические периоды, авторы отмечают, что гендерные исследования в советский период не пользовались широкой популярностью в СССР. На современном этапе, когда появляется все научное направление по истории повседневной жизни женщин в армии и тылу, происходят значительные изменения. Однако авторы предполагают, что история участия женщин в войне все еще остается малоизученным аспектом в общей историографии и что в этом направлении необходимо проводить научные исследования. Исследователи отмечают, что Вторая мировая война оказала влияние на женское дело в социально-политическом и даже бытовом плане, утверждая, что интерес был постоянным.

**Ключевые слова:** Вторая мировая война, историография, тыл, Советский Союз, производство, сельское хозяйство, женщины.

D. M. Akhmetova<sup>1</sup> A. S. Adilbaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Alikhan Bokeikhan University"

Kazakhstan, Semey

e-mail: [dinara0706@bk.ru](mailto:dinara0706@bk.ru)

## Problems of studying the themes of women of the rear of the Second World War.

### Abstract

The article analyzes the degree of study of the problem of women in Kazakhstan during the Second World War in Soviet and modern Kazakh historical science. It seems that the presented historiographical material represents a wide layer: Soviet historiography, Modern Kazakh historiography and foreign historiography are considered. Comparing the above-mentioned historiographical periods, the authors note that gender studies in the Soviet period were not widely popular in the USSR. At the present stage, when there is an entire scientific direction on the history of the daily life of women in the army and the rear, significant changes are taking place. However, the authors suggest that the history of women's participation in the war is still a little-studied aspect in general historiography and that scientific research should be conducted in this direction. The researchers note that the Second World War had an impact on women's work in socio-political and even domestic terms, arguing that the interest was constant.

**Key words:** World War II, historiography, home front, Soviet Union, production, agriculture, women.

XX ғасырдың зерттеу керек деген тақырыптарының бірі-гендерлік саясат. Себебі, осы кезең әйел өмірінің белгілі бір кезеңдеріне зор өзгерістер әкелді. Айталық, Екінші дүниежүзік соғыс кезеңі. Саяси, әлеуметтік, мәдени векторда қоғамда әйел адам рөлі елеулі болды. Оның себебі анық, соғыс бастала сала ер адамдар майданға кетіп жатты, әйелдің қоғамдық рөлі түбегейлі өзгерді. Оның айқын белгісі әйел майданда алғы шепте, әйел ауыр және жеңіл өнеркәсіптер мен тау-кен өндірісінде мамандығын өзгертіп қана қоймай, далада, астық басында көлік жүргізіп, механизаторлық қызмет-терде өз рөлінің бейімделгенін байқамай да қалған секілді. Бұл қазіргі анализ. Кеңес Одағы кезінде әйел мәселесі өзекті болмады, әрдайым тасада қалып қоя берді. Дегенмен, тарихнаманы саралап қарайтын

болсақ, қоғамда өзіндік үлесімен ойып тұрып орын алды.

Қазіргі Қазақстан тарихнамасында әйел мәселесі тақырыбын революцияға дейінгі және кеңестік кезең уақытындағы зерттеу деп қарастырады. Осы кезең тақырыбы тарихнамалық зерттеудің қатаң талаптарына бағынады, себебі Екінші дүниежүзілік соғыс еңбектері ішінде әйел мәселесін бөліп қарастыру мұқият талданумен сипатталады. Соғыс жылдарындағы Республика-мыздың әйелдері туралы мәселенің ғылыми әзірлемесі КОКП-ның ұйымдастыру жұмысын және оларды белсенді саяси қызметке тарту бойынша кеңестік Шығыс әйелдеріне теңдік беруімен айқындалғанын, Қазан төңкерісінен кейін қазақ әйелі Республиканың мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің барлық

салаларында ер адаммен бірдей толық теңдікке жеткенін Г.Нұрбекованың «Женщи-ны Казахстана фронту» [1] еңбегінде Коммунистік партиясы рөлінің жоғары екенін сипаттап көрсетеді.

Соғыс кезеңінің тарихын зерттеуде Қазақстан тарихшылары елеулі қадам жасады. Олар Қазақстанның екінші дүниежүзілік соғысындағы рөлін, жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың еңбек ерліктерін, кеңестік интеллегенцияны салыстырмалы түрде жақсы зерттеді. Бірақ, осы жұмыстардың бірде-бірінде әйелдердің соғыс жылдарында республиканың өнеркәсіптік өндірісі-не қатысуы туралы мәселе дербес қарастырылмады. 1942 жылы «Большевик Казахстана» мерзімді басылым беттерінде шыққан Т.Губа, О.Кузнецованың «Женщины Казахстана до конца выполняют долг перед Родиной» [2], 1941 жылы шыққан И.Бровердің «Женщины в промышленности Казахстана» [3], Е.Карнаухованың «Женщины в колхозах - большая сила» [4], Жангированың «О работе среди женщин в ауле и селе» [5], Ж.Шаяхметовтың «Работа среди женщин-кровное дело парторганизации» [6] мақалаларында қазақ әйелдері Отан алдындағы борышын және соғыс жылдарында өздері жазған бірқатар партиялық кеңестер мен ғылыми қызметкерлердің еңбектерін-де бастау алды.

Кеңес Одағы тұсында Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбы Отан соғысы сипатында жазылды. Оның себебін, бұл соғыс тек фашистік Германия мен Кеңес Одағы

арасындағы соғыс деп түсіндіреді. 1943 жылы жарық көрген «Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчи-ков», 1944 жылы шыққан «Письма с фронта» жинақшылардың өзі құнды еңбектер болып табылады. Еңбектерде соғыстың алғашқы кезеңіндегі Республиканың халық шаруашылығы-ның әртүрлі салаларындағы әйел-дердің еңбек ерліктері туралы айтылады.

1950-60 жылдары Қазақстан тарихшылары кейбір мұрағаттық материалдар негізінде соғыстың қандай да бір мәселелерін қарастыратын жеке жинақтамалар, соның ішінде В.Д. Зувейтнің мақалалары құнды. Осы кезеңде Л.Е. Файн [7], Т.Мурзабеков [8], Б.Искакова [9], А.Байшин [10], А.Кукетаев [11] кандидаттық диссертациялар қорғады, онда авторлар соғыс жылдарындағы жұмысшы табы мен ауылшаруашылық саласындағы еңбек ерлігін көрсетуге тырысты. Десек те, Қазақстан әйелдерінің еңбектегі ерліктеріне арналған тағы да бірде-бір жұмыс жазылмағандығын көреміз.

20 ғасырдан кейінгі екінші дүниежүзілік соғыстағы Қазақстанның рөлі туралы әдебиет тарихнамасы ғылыми қызметкерлердің тарих ғылымындағы жеке басына табынудың салдарын еңсеруге, жұмысшы табының саяси және еңбек белсенділігін жұмылдыру мен партия және жергілікті парторганизацияның жетекші және ұйымдастырушы рөлін көрсетуге ұмтылысымен сипатталады. Соғыс кезіндегі республикалардың халық

шаруашылығындағы әйелдер еңбегінің ролі тарих ғылымдарының докторы Г. Әбішевтің «Қазақстан в Великой Отечественной войне» [12] атты еңбегінде, Қазақ ССР тарихының екінше томы кітабында өз көрінісін тапты.

Жеңістің 20 жылдығына байланысты 1965 жылы жарық көрген тарих институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы М.Қ. Қозыбаевтың [13] монографиясы үлкен ғылыми қызығушылық тудырады. Автор жинақтаған құнды деректердің арқасында, байыпты ғылыми зерттеуде Қазақстанның халық шаруашылығын әскери қалпына келтірудегі КОКП-ның жауынгерлік отрядтарының бірі-Қазақстан Компартиясының көп қырлы қызметі мен авангардтық ролі айқын көрсетілген. Бұл жұмыста автор басқа деректермен қатар республика әйелдерінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы еңбек ерлігі туралы, ауыр өнеркәсіптегі ерлермен қатар мамандықты сәтті игеруі туралы, әйелдердің Отан қорғаудағы жоғары ролі туралы айтылады. Сондай-ақ, Қазақстанның өнеркәсібі мен жұмысшылар арасындағы әйел еңбегінің ролі, әйел-жұмыскердің үлес салмағы туралы құнды деректерді талқылайды.

1961 жылы жарыққа шыққан И. Жангированың «Родина» атты мақаласы жарияланады, онда автор екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстан слеттерінің жоғары патриотизмдегі ролі туралы, сол жылдары ВКП (ОК) бастамасымен Орта Азия және Қазақстан

партиялық органдарында құрылған әйелдер арасындағы жұмыс бөлімдерінің жайы туралы айтып өтеді.

Ал, соңғы жылдары Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің бірқатар мемуарлық шығармалары жарық көруде. Атап айтқанда, әскери ұшқыш-әйел Х. Доспанованың естелігі, сондай-ақ, М. К. Қозыбаев пен С. Честновтың [14] Мәншүк Мәметова туралы деректі әңгімесі үлкен тәрбиелік құндылыққа ие, онда авторлар Кеңес Одағының Батыры жоғары атағына ие болған, Кеңестік шығыстағы әйелдер арасында бірінші болып ие болған пулеметші қыз Мәншүк Мәметованың жарқын өмірі мен аңызға айналған ерлігі туралы әңгімелейді және Ж. Жұмахановтың әңгімесі Кеңес Одағының батыры «Әлия Молдағұлова» [15] қазақ халқының даңқты қызының балалық және жастық шағы туралы сыр шертеді.

Ж.Лұқпанованың [16] мақаласында (1941-1945 ж.ж.) Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан әйелдерінің еңбектегі ерліктері жайында Республикамыздың ауыл шаруашылығындағы өнеркәсіптегі өндірістік табыстарының мысалдары келтірілген. Алайда, онда автор әйелдер арасынан өнеркәсіп үшін жұмысшыларды дайындау бойынша Қазақстанның партия ұйымдастыру жұмысы туралы егжей-тегжейлі және жүйеленген дерек бермейді. 1941-1945 жылдардағы соғысы кезеңі туралы Қазақстандық құжаттар мен деректер жинағы екі томдық кітап болып басып шығарылады. Онда өнеркәсіптік және ауыл

шаруашылығы өндірісіндегі Қазақстан әйелдерінің еңбегі туралы кейбір материалдар да лайықты көрінісін тапты.

1965 жылы В.Я. Басиннің Ұлы Отан соғысындағы «Қазақстанның ауыр өнеркәсібі» [17] кітабы жарық көрді, онда автор республиканың ауыр өнеркәсіп саласында әйелдер еңбегінің ролін қысқаша баяндайды. Жеңістің 20 жылдығына орай "Қазақстан әйелдері" журналында Қазақстан әйелдерінің майдандағы және тылдағы жауынгерлік және еңбек ерліктері туралы бірнеше мақалалары жарық көреді. Онда автор болашақта жазылмаған дерек көздері болса орнын толтыруды көздейді.

Ресейлік зерттеушілер атап өткендей, 1990 жылдардағы "мәдени бұрылыс" соғыс құбылысын қоғамның әртүрлі әлеуметтік, этникалық, гендерлік, жас және басқа топтарының тәжірибесі ретінде, оны зерттеу аясында "әйел тақырыбына" деген қызығушылықты арттырды. Қазіргі зерттеулерде әйелдердің соғысқа қатысуының жеке тарихын зерттеуден әйелдердің әскери және тылдағы тәжірибесінің тарихына біртіндеп ауыса бастады, соғыс кезеңіндегі әйелдер моделін, әйелдерге қатысты мемлекеттік саясатты, майдандағы әйелдер мінез-құлқының ерекшелік-терін зерттеу басталды. Республика әйелдерінің Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысу тақырыбын зерттеу сөзсіз әйел мен соғыстың "үйлесімділігі" мәселесіне айналуы тиіс. Бірақ, соғыс тақырыбы қиын болғандықтан, әйелдер тақырыбын зерттеу де тиянақтылықты қажет етеді. Соғыс

әйелдерін, тыл әйелдерін зерттеуде З.Сақтағанованың еңбекте-рін атап көрсетуге болады. «Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны» [18] еңбегінде соғыс әйелдерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі, естеліктері, ардагерлерден алынған сұхбаттар легі жазылған.

Жалпы, Шығыс Қазақстан әйелдерінің еңбек ерліктерінің тарихы да Қазақстан тарихының жалпылама еңбектерінде қарастырылады. Олар-дың ішінде Қазақ тарихы [19], Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан: «Очерктер» [20], «Боздақтар» [21] Қазақстан естелігі кітабы: Жиынтық томда облыс, аймақаралық басылым-дар, мысалы «Книга памяти» [22], архивтік жинақтар, халықаралық ғылыми-конференциялар жинақтарын атап көрсете аламыз. Шығыс Қазақстан облысы халқының ортақ жеңіске қосқан үлестері өте зор. А.В. Потапов өз еңбегінде «Гвардейцы фронта и тыла» [23] шығыс өңірі тұрғындарының жауынгерлік ерлігі мен тылдағы, соның ішінде ауылшаруашылық қызметіндегі еңбек белсенділігін жоғары деңгейде жазып өткен.

Шығыс өңірінде, соғыс қарсаңында 150 өнеркәсіп орындары, соның ішінде стратегиялық маңызды-лығы жоғары Лениногорск қорғасын зауыты, Ертіс мыс балқыту зауыттары, Зырян, Белоусовка кеніштері, Өскемен қорғасын мырыш байыту кеніштері жұмыс жасады. Халық шаруа-шылығының өсуіне теміржол көлігінің дамуы, сондай-ақ тас жолдардың құрылысы ықпал етті. 1938 жылы Рубцовск-

Риддер учаскесінде темір-жол желісі, «Шығыс шеңбері» қиыршықты тас жолдары халықтық құрылыс әдісімен әйелдер еңбегімен салынды. Бұл құрылыс туралы жазылған алғашқы мақалалар 1940-41 жылдары кішігірім жазылды. Мысалы, «Екпінді Алтай» [24], «Прииртышская правда» [25] газет беттеріндегі «әйелдердің еңбегі мен ерлігі, күнделікті тұрмыстағы қиыншылық-тар қатарымен танысуға болады. Архивтік қорларда көбіне арнайы еңбек немесе сақтылып қалған естеліктер легін таба алмайсыз. 1940 жылы «Прииртышская правда» газетіне инженер Д.Карагадов алғашқы маңызды мақаласын жариялайды. Осы мақалада Орталық компартиясына стратегиялық маңызы бар тас жолының салынуын халық болып үндейді. Ертісте және оның оң жақ салаларында арзан электр энергиясын өндіру үшін бірқатар гидроэлектростанциялар салынды. Олардың ішіндегі ең күштісі Риддер, Лениногор энергобасқармасы құрылған Өскемен ГЭС-сы болды. Облыстың энергетикалық жүйесі қарқынды дамыды. Соғыс жылдарында аз уақыт ішінде әйелдер еңбегін қайта қарап, қоғамда жаңа мамандықтарды игеру басты міндет болды.

Экспериментті оқу құралдары «Шығыс Қазақстан тарихы» [26] екінші бөлімі еңбегінде, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Шығыс Қазақстаннан шыққан тыл ардагерлері мен әйел адамдарының еңбектері анықтамалық жинақ болып шыққан. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы бұл

библиографиялық құрал көпшілік қауымға арналған тың материалдарымен қамтылған және әйел адамдардың ерлігі мен тыдағы еңбектері баяндалады.

ШҚО қазіргі заман тарихын құжаттару орталығының 2014 жылы шығарған құжаттар жинағы, 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысының 70-жылдығына арналады. Онда соғыс кезіндегі шыққан тарихи қаулылар, ресми құжаттар, соғыс ардагерлерінің жекелей құжаттар жинағы, маңызды шешімдер жарияланған. Яғни, сол кезеңнің құжаттарын іздеген ғалымға, оқырманға дайын материалдар жинағы.

Өскемен қаласында ШҚО мемлекеттік архиві шығарған «Эвакуация в Восточно-Казахстанскую область в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 г.г.)» [27] жинағында 1941-45 жылдардағы көшіп келген басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік маңызы бар шешімдері, бұйрықтары, қаулылары жарияланған. Статистикалық мағлұматтар, әскери отбасыларына бөлінген ақша, уақытша несиелік заем түрлері де көрсетілген., Л.П Рифельдің құрастыруымен шығарылған «Восточный Казахстан в годы Великой отечественной войны 1941-1945 г.г.» [28] атты құжаттар жинағы және естеліктер жинағын қарастыруға болады. Оның ішінде әйел адамдар естеліктері де жазылған. Л.П Рифельдің «Ер есімі Ел есінде» [29], атты жинақтарында аудандар бойынша майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің өмірбаяндары мен естеліктері жазылған.

Тарихнамалық еңбектерде атап өтілгендей, авторлардың басты еңбегі зерттелетін өңір бойынша орталық және жергілікті мұрағаттардан көптеген құжаттарды ғылыми айналымға енгізу болды. Тақырыптық мамандандыруды көбірек қарастырды: кейбір тарихшылар өнеркәсіп жұмысшыларының рөлін талдады, ал басқалары — ауыл жұмысшылары рөлін талдап жатты.. Оларда негізгі орын әйелдерді халық шаруашылығының барлық салаларына

тартуға және олардың жанқиярлық еңбегіне берілді. Осылайша, жарияла-нымдарда айтылғандай, тарихнаманың осы кезеңіне бес негізгі ерекшелік тән болды. Біріншіден, әйелдер тақырыбы тәуелсіз болады; екіншіден, зерттеуші-лердің тақырыптық мамандануы көрінеді; үшіншіден, аймақтық зерттеулерді жандандыру процесі басталады; төртіншіден, орталық құжаттардан көптеген құжаттарды ғылыми айналымға қосу кеңейеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Нурбекова Г.Д. Женщины Казахстана — фронту. Трудовой подвиг женщин Казахстана в промышленности и сельском хозяйстве республики в годы Великой Отечественной войны / Г.Д. Нурбекова. — Алма-Ата, 1988. — 168 с.
2. Т Губа, О Кузнецова. Женщины Казахстана до конца выполняют долг перед Родиной /Губа. Т, Кузнецова.О - КазОГИЗ, 1942 г.-215 с
3. Бровер И.М. Советские патриотки у станков куют победу над фашизмом / И.М. Бровер. — М: Профиздат, 1941. — 31 с.
4. Е.Карнаухова. Женщины в колхозах—большая сила. Карнаухова Е. «Большевик Казахстана» -1942, №57.
5. Р.Жангирова. О работе среди женщин в ауле и селе. Жангирова.Р. «Большевик Казахстана»- 1942, №2.
6. Ж. Шаяхметов. Работа среди женщин-кровное дела парторганизации. Шаяхметов Ж. «Большевик Казахстана» -1944, №5.
7. Л.Е.Файн. Алма-Атинская областная организация КП Казахстана в период Великой Отечественной войны, 1951 г /Файн. Л.Е-Алма-Ата, 1951. — 168 с.
8. Т.Мурзабекова. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны, 1954, /Мурзабекова. Т.-Алма-Ата, 1954. — 168 с.
9. Б.Искакова Казахстан в первый период Великой Отечественной войны (1941-1942г.г), 1955 г
10. А. Байшин. КПСС-вдохновитель и организатор трудовых подвигов рабочего класса в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг), 1955 г.
11. А.Кукетаев. Борьба Карагандинской парторганизации за политический и трудовой подъем горняков Караганды в годы Великой Отечественной войны, 1955 г.
12. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг / Г. Абишев. — Алма-Ата, 1958; Абишев Г. Казахстан в защите социалистического отечества / Г. Абишев. — Алма-Ата, 1969. — 358 с.
13. Козыбаев М.К. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) / М.К. Козыбаев. — Алма-Ата, 1964; Козыбаев М.К. Казахстан — арсенал фронта / М.К. Козыбаев. — Алма-Ата, 1969. — 475 с.
14. Козыбаев М. Бессмертие / М. Козыбаев, С. Честнов. — Алма-Ата, 1964.
15. Ж.Жумаханов. Алия Молдагулова / Жумаханов. Ж, -Алма-Ата, 1959

16. Лукпанов Е.С. Боевые подруги / Е.С. Лукпанов, М.С. Сембаев. — Караганда, 1995. — 140 с.
17. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне./ В.Я.Басин.— Алма-Ата, 1965.—203с.
18. Сактаганова З.Г. Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны: монография / З.Г. Сактаганова, Ж.Ж. Турсунова, А.Ж. Смагулов. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2016. — 256 с.; Карсыбаева Ж.А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері / Ж.А. Карсыбаева // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы. — 2010. — № 3(59). — Б. 121–126; Козина В.В. О повседневной жизни населения Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны / В. В. Козина, С. В. Елеуханова // Вестн. КарГУ. Сер. История. Философия. — 2010. — № 3. — С. 115–120; Абдрахманова К.К. История женщин Казахстана в советский период: историография проблемы // Перспективы развития науки в современном мире: сб. ст. по материалам VI междунар. науч.-практ. конф. В 2 ч. Ч.2. — Уфа: Дендра, 2018. — С. 151–154 и др
19. Козыбаев М.К. История и современность / М.К. Козыбаев. - Алма-Ата, 1991. - 256 с.
20. Казахстан в Великую Отечественную войну. Очерки. Вып. 1. — Алма-Ата, 1968. — 291 с.
21. Книга памяти Казахстана. Боздактар. — Алма-Ата, 1995. — 17 с.
22. Книга памяти Казахстана. Боздактар. — Алма-Ата, 1995. — 518 с.
23. А.В. Потапов. Гвардейцы фронта и тыла: (Рудный Алтай в годы Великой Отечественной. войны 1941-1945 гг.) / Потапов.А.В. Усть-Каменогор. пед. ин-т. - Алма-Ата : Казахстан, 1974. - 251 с.,
24. Екпінді Алтай. —№16 (3694). —1940. 25 мамыр.
25. Прииртышская правда. —№68. —1940. 3 май
26. Н.В. Алексеенко. История Восточного Казахстана в документах и материалах / Алексеенко Н.В.- Часть 2  
Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. — 156 с.
27. Эвакуация в Восточно-Казахстанскую область в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 г.г.): Сборник документов / Сост. Л.Рифель – Усть-Каменогорск. 2013 г. – 153 с.
28. Восточный Казахстан в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945 г.г. Сборник документов, воспоминаний/ Сост. Л.Рифель – Усть-Каменогорск, 2010 г. – с.
29. Ер есімі ел есінде - Поклонимся и мертвым, и живым/сост.Л.Рифель – Усть-Каменогорск. 2014 г. – 647 с.

### References

1. Nurbekova G.D. Women of Kazakhstan — to the front. Labor feat of women of Kazakhstan in industry and agriculture of the republic during the Great Patriotic War / G.D. Nurbekova. — Alma-Ata, 1988. — 168 p.
2. Т Guba., О Kuznetsova. The women of Kazakhstan will fulfill their duty to the Motherland to the end /Guba. Т, Kuznetsova.О - KazOGIZ, 1942-215 s .
3. Brover I.M. Soviet patriots at the machines forge victory over fascism / I.M. Brover. — Moscow: Profizdat, 1941. — 31 p.
4. E.Karnaukhova. Women in collective farms are a great force. Karnaukhova E. "Bolshevik of Kazakhstan" -1942, No. 57.
5. R.Zhangirova. About work among women in the village and village. Zhangirova.R. "Bolshevik of Kazakhstan" - 1942, No. 2.
6. Zh. Shayakhmetov. Work among women is a blood matter of party organization. Shayakhmetov Zh . "Bolshevik of Kazakhstan" -1944, No. 5.



7. L.E.Fine. Alma-Ata regional organization of the KP of Kazakhstan during the Great Patriotic War, 1951 / Fine. L.E-Alma-Ata, 1951. — 168 p.
8. T.Murzabekova. Collective farm peasants of Kazakhstan during the Great Patriotic War, 1955.
9. B.Iskakova Kazakhstan in the first period of the Great Patriotic War (1941-1942), 1955
10. A. Baishin. The CPSU was the inspirer and organizer of the labor exploits of the working class during the Great Patriotic War (1941-1945), 1955.
11. A.Kuketaev. The struggle of the Karaganda Party organization for the political and labor rise of the miners of Karaganda during the Great Patriotic War, 1955.
12. Abishev, Kazakhstan in the Great Patriotic War of 1941-1945 / G. Abishev. — Alma-Ata, 1958; Abishev, Kazakhstan in defense of the socialist Fatherland / G. Abishev. — Alma-Ata, 1969. — 358 p.
13. Kozybayev M.K. The Communist Party of Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941-1945) / M.K. Kozybayev. — Alma-Ata, 1964; Kozybayev M.K. Kazakhstan — arsenal of the front / M.K. Kozybayev. — Alma-Ata, 1969. — 475 p.
14. Kozybayev M. Immortality / M. Kozybayev, S. Chestnov. — Alma-Ata, 1964.
15. Zh.Zhumakhanov. Aliya Moldagulova / Zhumakhanov. Zh, -Alma-Ata, 1959
16. Lukpanov E.S. Fighting girlfriends / E.S. Lukpanov, M.S. Sembaev. — Karag
17. Basin V.Ya. Heavy industry of Kazakhstan in the Great Patriotic War. / V.Ya.Basin.— Alma-Ata, 1965.—203s.
18. Saktaganova Z.G. Women of Central Kazakhstan during the Great Patriotic War: monograph / Z.G. Saktaganova, Zh.Zh. Tursunova, A.Zh. Smagulov. — Karaganda: Publishing house of KarSU, 2016. — 256 p.; Karsybayeva Zh.A. Uly Otan sogysy zhyldaryndagy Kazakhstan yyelder / Zh.A. Karsybayeva // Kagandy universitetinin khabarshysy. Tarikh, philosophy, kukyk seriyasy. — 2010. — № 3(59). — B. 121-126; Kozina V.V. About the daily life of the population of Central Kazakhstan during the Great Patriotic War / V. V. Kozina, S. V. Eleukhanova // Vestn. KarGU. Ser. History. Philosophy. - 2010. — No. 3. — pp. 115-120; Abdrakhmanova K.K. History of women of Kazakhstan in the Soviet period: historiography of the problem // Prospects for the development of science in the modern world: collection of articles based on the materials of the VI International Scientific and Practical Conference. At 2 p.m. 2. — Ufa: Arboretum, 2018. — pp. 151-154, etc.
19. Kozybayev M.K. History and modernity / M.K. Kozybayev. Alma-Ata, 1991. — 256 p.
20. Kazakhstan in the Great Patriotic War. Essays. Issue 1. — Alma-Ata, 1968. — 291
21. The Book of memory of Kazakhstan. Bozdaktar. — Alma-Ata, 1995. — 17 p.
22. The Book of memory of Kazakhstan. Bozdaktar. — Alma-Ata, 1995. — 518 p.
23. A.V. Potapov. Guards of the front and rear: (Rudny Altai during the Great Patriotic War. wars of 1941-1945) / Potapov.A.V. Ust-Kamenogorsk. pedagogical institute - Alma-Ata : Kazakhstan, 1974. - 251 p.,
24. Ekpindi Altai. —№16 (3694). —1940. 25 may.
25. Priirtyshskaya pravda. —No.68. -1940. 3 may
26. N.V. Alekseenko. The history of East Kazakhstan in documents and materials / Alekseenko N.V. - Part 2 Ust-Kamenogorsk: Media Alliance, 2006. — 156 p.
27. Evacuation to the East Kazakhstan region during the Great Patriotic War (1941-1945): Collection of documents / Comp. L.Rifel – Ust-Kamenogorsk. 2013 -153 p .
28. East Kazakhstan during the Great Patriotic War. 1941-1945 Collection of documents, memoirs/ Comp. L.Rifel – Ust-Kamenogorsk, 2010 – p .
29. Er esim el esinde - Let's bow to both the dead and the living/comp.L.Rifel – Ust-Kamenogorsk. 2014 – 647 p .

**Ахметова Динара Мейрангалиевна**

Лауазымы: «Alikhan Bokeikhan University», магистр, 1 курс PhD

Пошталық мекен-жайы: 071412, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Физкультураня 9\1 кв 62

Ұялы. тел: +7 7785964372

E-mail: [dinara0706@bk.ru](mailto:dinara0706@bk.ru)

**Адилбаева Айгул Сериккановна**

Лауазымы: «Alikhan Bokeikhan University», тарих ғылымдарының докторы, профессор

Пошталық мекен-жайы: 071412, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Ибраева 145 кв 2

Ұялы. тел: +7 7756235007

E-mail: [Aigulmalika@mail.ru](mailto:Aigulmalika@mail.ru)

**Ахметова Динара Мейрангалиевна**

Должность: «Alikhan Bokeikhan University», магистр, 1 курса PhD

Почтовый адрес: 071412, Республика Казахстан, г.Семей, Физкультурная 9\1 кв 62

E-mail: [dinara0706@bk.ru](mailto:dinara0706@bk.ru)

**Адилбаева Айгул Сериккановна**

Должность: «Alikhan Bokeikhan University», доктор исторических наук, профессор

Почтовый адрес: 071412, Республика Казахстан, г.Семей, Ибраева 145 кв 2

E-mail: [Aigulmalika@mail.ru](mailto:Aigulmalika@mail.ru)

**Akhmetova Dinara Meirangalieвна**

Position: "Alikhan Bokeikhan University", Master's degree, 1st year PhD student

Mailing address: 050019, Republic of Kazakhstan, Semey town, Fizkulturnaya 9\1 sq 62

Mob.phone: +7 7785964372

E-mail: [dinara0706@bk.ru](mailto:dinara0706@bk.ru)

**Adilbaeva Aigul Serykkanovna**

Position: "Alikhan Bokeikhan University", Doctor of Historical Sciences, Professor

Mailing address: 050019, Republic of Kazakhstan, Semey town, Ibraeva 145 -2

Mob.phone: ++7 7756235007

E-mail: [Aigulmalika@mail.ru](mailto:Aigulmalika@mail.ru)